

Гражданское и гражданско-процессуальное право

УДК 347.626

Нурпеисова Талшат Тулеутаевна

магистрант

Университета КАЗГЮУ имени М. Нарикбаева

Nurpeissova Talshat

Master's degree Student of

M. Narikbayev Kazguu University

**ШЕТ ЕЛ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ ЕРЛІ-
ЗАЙЫПТЫЛАРДЫҢ БІРЛЕСІП ЖАЗАТЫН ӨСИЕТ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ
ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СОВМЕСТНОГО ЗАВЕЩАНИЯ
СУПРУГОВ В ЗАРУБЕЖНЫХ СТРАНАХ**

***Аннотация.** В статье дается описание, понятие, значение, содержание и правовое проявление составление совместного завещания супругов, опираясь на опыт зарубежных государств. Совместное завещание супругов — это волеизъявление двух лиц, которые состоят в официально зарегистрированном браке относительно распоряжения своей собственностью после их смерти в пользу конкретного лица. В Республике Казахстан существует только завещания, составленные одним лицом. Поэтому применяя методики зарубежных государств, по способу применений и упорядочения законодательств, их особенностей составления, проводя правовую экспертизу составления совместного завещания супругов, ведется анализ по законодательству Республики Казахстан наследственных отношений между супругами.*

Ключевые слова: *совместное завещание супругов, наследование по*

завещанию, наследование, наследодатель, наследник, недостойные наследники, наследственная масса.

Summary. An article gives a description of a concept, value, the contents and legal manifestation drawing up the joint will of spouses relying on experience of the foreign states. The joint will of spouses is a will of two persons whose marriage is officially registered concerning the order the property after their death in favor of the particular person. In the Republic of Kazakhstan exists only the wills made by one person. Therefore applying techniques of the foreign states, on a way of applications and streamlinings of legislations, their features of drawing up, carrying out legal expertize of drawing up the joint will of spouses, the analysis by the legislation of the Republic of Kazakhstan of the hereditary relations between spouses is kept.

Key words: joint testament of spouses, inheritance under the will, inheritance, testator, successor unworthy heirs, hereditary weight.

Мәселенің құрылымы. Қазіргі таңда Отандық заңнамаларымызда мұра қалдырушының қайтыс болғаннан кейін, басқа тұлғаға меншік құқығын қалдыру туралы жеке еркі ғана қарастырылған. Ал өсиетті тек бір тұлға қалдыра алу мүмкіндігі әрине, бірлесіп жазатын өсиеттің мүмкіндіктерін қамти алмайды. Бұл орайда ерлі-зайыптылар өсиетті бірлесіп жазу мүмкіндіктеріне ие бола алған жағдайда мұра қалдырушылар мен мұрагерлердің мүмкіндіктері арта түседі. **Қазақстан Республикасының Конституциясының 26-бабының 2-тармағына сәйкес меншік, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепіл беріледі¹** деп көрсетілген.

¹Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Конституциясы [/http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000)

Аталған норма мұрагерлік құқықтың негізгі мәнін айқындайды. Мұрагерлік құқық Қазақстан Республикасының азаматтық құқық жүйесіндегі ең үлкен институттарының бірі болып табылады. Мұрагерлік құқыққа қатысты оның қорғалуы, қорғау тәсілдерін жетілдіруге байланысты мәселелер ешқашан өзектілігін жоғалтқан емес. Сондықтан бұл салаға қашан да аса зор көңіл бөлінеді. Қазіргі таңда Отандық заңнамаларымызда мұра қалдырушының қайтыс болғаннан кейін, басқа тұлғаға меншік құқығын қалдыру туралы жеке еркі ғана қарастырылған. Еліміздің мұрагерлік құқығын одан әрі жетілдіру мақсатында бұрын-соңды заңнамаларымызда қолданылмаған ерлі-зайыптылардың бірлесіп жазатын өсиет институтын қарастырғалы отырмыз. Бұл институт Отанымыз үшін тым жаңа болғанымен, Батыстың көптеген мемлекеттерінде 100 жылдан астам уақыт көлемінде қанат жаюда. Сондықтан шет ел мемлекеттердің тәжірибелеріне зерттеу жасай отырып, аталмыш норманың түсінігін ашуға кірісейік.

Соңғы жүргізілген зерттеулер мен басылымдарға талдау. Ерлі-зайыптылардың бірлесіп жазатын өсиеті бойынша соңғы жүргізілген зерттеулер Гюнтер В. В. Петров Е.Ю. Тарасова И.Н. [5; 6;7;].

Мақаланың мақсатын тұжырымдау. Зерттеудің мақсаты Қазақстан Республикасындағы мұрагерлік қатынастарды жетілдіру мақсатында шетел мемлекеттердің мұрагерлік қатынастары реттелетін нормалары мен заңнамаларына, құқықтық тұрғыдан сараптама жасай отырып, бұл институттың құқықтық болмысы мен ерекшелігін анықтау.

Негізгі материалды баяндау. Ерлі-зайыптылардың бірлесіп жазған өсиетінің мазмұнын ашатын болсақ, Бұл- заңды некеге тіркелген ерлі-зайыптылардың өзара келісе отырып, қайтыс болған жағдайда өздеріне

тиесілі мүліктеріне билік етуге өз ықтиярларын білдіруі. ²Ерлі-зайыптылардың бірлесіп жазатын өсиетінің ерекшелігі - өсиетті екі тұлға, яғни заңды некеде тұратын ерлі-зайыптылар ерікті түрде, ортақ және әрқайсысының жеке мүліктеріне қатысты мұрагерлер тағайындайды. Сондай-ақ өз қалаулары бойынша ортақ меншікке өздерінің жеке меншігіндегі мүліктерін қосуға құқылы. Сонымен қатар, әдеттегі өсиет қалдырудағы сияқты бірлесіп жазған өсиет те өкіл арқылы жасауға жол берілмейді және ерлі-зайыптылар өздері жасауға тиіс. Ерлі-зайыптылардың екеуінің де әрекет қабілеттілігі толық, есі дұрыс болуы керек. Ерлі-зайыптылар себебін түсіндірместен заң бойынша мұрагерлердің біреуін, бірнешеуін немесе барлығын мұрадан айыра алады, алайда дәл әдеттегі өсиет талаптары сияқты мұрадан айыру мұрадағы міндетті үлеске құқығы бар мұрагерлерге қолданылмайды.

Жалпы, ерлі-зайыптылардың бірлесіп жазатын өсиет институты Германия мемлекетінде 1703 жылдары Баварлық жинағы заманынан бастап қолданысқа ие болған.³ Қазіргі кезде біраз елдерде қанат жаю үстінде. Дәлірек айтар болсақ: АҚШ, Украина мемлекеттерінде, тіпті көршілес Ресей мемлекетінің президенті осы норма бойынша, сол елдің Азаматтық кодексіне қосымша түзетулер орнатуға қол қойған болатын. Ресей Федерациясында бұл норма 2019 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа ие болады деп күтілуде.⁴

²Совместное завещание супругов. // <https://naslednikam.info/zaveshhanie/sovместное-zaveshhanie-suprugov.html>

³ Гюнтер В. В. Совместное завещание супругов в Российской Федерации // Молодой ученый. — 2016. — №11. — С. 1269-1271. — URL <https://moluch.ru/archive/115/30512/>

⁴Принят закон о наследственных договорах и совместных завещаниях супругов. // http://komitet2-10.km.duma.gov.ru/Novosti_Komiteta/item/16547485

Бұл институт туралы толығырақ ұғыну үшін шет ел мемлекеттерінің тәжірибелеріне көз жүгіртейік. Германия мемлекетінде ерлі-зайыптылардың бірлесіп жазатын өсиеттің жалпы нормаларына назар аударсақ, неміс құқық зерттеушілері бұл нормаға келгенде "Берлин өсиеті" санатына ерекше көңіл аударады. Берлин өсиеті бойынша ерлі-зайыптылар бастапқы кезекте мұрагер ретінде бір-бірін таниды, кейін үшінші тұлғаны (әдетте балаларын) таниды.⁵

Мұрагерлік құқықтық мирасқорлықты дайындаудың 2 нұсқасы бар:

- 1) мұрагерлік массаны бөлу қағидасына сәйкес;
- 2) мұрагерлік массаның бірлік қағидаларына сәйкес;

1-нұсқасына тоқталатын болсақ, ерлі-зайыптылардың біреуі қайтыс болған соң, артында қалған (ері немесе зайыбы) бастапқы кезекте мұрагер болып танылады, ал балалары-келесі кезектегі мұрагерлер болып танылады. Осылайша балалары мұраға тек екінші (ері немесе зайыбы) қайтыс болғанда ғана ие болады. Сондай-ақ, бірінші қайтыс болған жұбайының мұрагерлік массасы екінші жұбайының мұрагерлігіне құйылмайды. Бастапқы кезектегі мұрагер бұл мұрагерлік массаға иелік ете алмайды. Бастапқы кезектегі мұрагерде нақты міндеттемеге сәйкес және мұрагерлік массаның негіздеріне өкім жасау құқығы шектеулі болады.

Ал 2-нұсқасы бойынша, артында қалған жұбайы толыққанды мұрагер болып танылады, яғни ол қайтыс болған зайыбы мүлкінің меншік иесі болып танылады және оған толық-ерікті өкім жасай алады. Ал балаларына әдеттегідей екінші зайыбы қайтыс болғаннан кейін мұрагерлік тәртіп бойынша біртұтас нәрсе ретінде бір-ақ мезгілде ауысады.

Германия мемлекетінің құқығына сәйкес ерлі-зайыптылардың бірлесіп жазатын өсиеті нысаны нотариалдық және нотариалдық куаландырылған

⁵ Совместное завещание супругов в Германии. <https://pravo.studio/pravo-rossii-nasledstvennoe/sovместное-zaveschanie-suprugov-89191.html>

және жай жазбаша түрде жүргізіледі. Нотариалды куәландыру негізінде ешқандай қағида қарастырылмаған және әдеттегі өсиеттен айтарлықтай айырмашылығы жоқ, бір ғана айырмашылығы - өсиетті ерлі-зайыптылар бірігіп жазады, нотариусқа ерлі-зайыптылардың екеуі де келуі қажет және өсиет біртұтас құжат ретінде жасалып, оған әрқайсысы қол қояды. Егер бірлесіп жазған өсиет нотариустың қатысуынсыз жасалса, жұбайының біреуі өсиетті жазуға тиіс, ал екінші жұбайы оған қол қоюға тиіс. Бірақ өсиет қалдырушы тірі болу қажет.

Ерлі-зайыптылар тірі кезінде бірлесіп жазған өсиеттің заңдық күші болмайды, тек олардың біреуі қайтыс болған сәттен бастап қана заңы күшіне ие болады. Ерлі-зайыптылардың екеуі де тірі кездерінде, зайыбының біреуі бірлесіп жазған өсиетке жеке мүлкіне қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Екінші жұбайына нотариус міндетті түрде өзгерістер жайлы хабарлайды. Ал егер ортақ меншікке қатысты өзгертулер мен толықтырулар енгізгісі келсе, онда міндетті түрде екінші зайыбының келісімімен ғана жүзеге асырылады. Сондай-ақ, ерлі-зайыптылардың біреуі қайтыс болғаннан кейін де артында қалған зайыбының өзінің жеке мүлкіне қатысты құқықтары сол қалпында қалады, ал ортақ меншікке өзгерту немесе толықтырулар енгізуге құқығы болмайды, себебі бірлесіп жазған өсиеттің құрылымы бұзылады, ондай жағдайда артында қалған жұбайы бірлесіп жазылған өсиет бойынша өзіне қалдырылған мұрадан толығымен бас тартып, жаңадан жеке мүлкіне байланысты өсиет қалдыруға құқылы, ал қайтыс болған жұбайының мүлкіне заң бойынша мұрагерлік ашылады.

Ал енді Ресей Федерациясының бұл институтқа қатысты тәжірибелеріне назар аударсақ, жоғарыда аталып кеткендей, Ресей Федерациясында 2019 жылдың 1 шілдесінен бастап қана ерлі-зайыптылардың бірлесіп жазатын өсиеті нормалары қолданысқа ие болады деп күтілуде. Бұл норманы енгізбес

бұрын Ресей ғалымдары арасында көптеген пікірталастар туындаған. Мысалы, В.И. Серебровскийдің пікірінше, Ресей Федерациясында ерлі-зайыптылардың бірлесіп жазатын өсиеті қолданылмайды, мұра қалдырушының қайтыс болғаннан кейін, басқа тұлғаға меншік құқығын қалдыру туралы жеке еркі ғана қарастырылған.⁶ Мысалы, әкесі мен анасы бірлесе отырып, балаларына ортақ мүлікке қатысты біржақты өсиет қалдырғысы келсе, бұндай норма Ресей Федерациясы заңында қарастырылмаған, бірақ олардың бірлесіп жазған өсиеті сияқты, әрқайсысына жеке-жеке, мүліктеріне мұрагер тағайындауға құқықтары бар екенін айтқан. Ал бұл норманың авторларының бірі Ресей Федерациясының мемлекеттік құрылыстық және заңшығарушылық бойынша Мемлекеттік Дума Комитетінің Төрағасы Павел Крашников: қабылданған заң мұрагерлік құқық реформасын жалғастырушы және мұра қалдырушының қайтыс болғаннан кейін, басқа тұлғаға меншік құқығын қалдыру кезінде кеңінен мүмкіндіктерге ие бола алады деп есептейді.⁷ Ресей Федерациясында бұл норма заңды күшіне енген кезде өсиеттің жазылуына осындай шарттар қойылады:

- ерлі-зайыптылар заңды некеде тіркелген болуы тиіс. Некеде тұрмаған, бірақ, бірге тұратын еркекпен әйелге бірлесіп өсиет жазуға жол берілмейді;
- бірлесіп жазған өсиетті, оны жасаған кезде ерлі-зайыптылардың екеуінің де әрекет қабілеттілігі толық, есі дұрыс болуы керек;
- ерлі-зайыптылардың бірлесіп жазған өсиеттері өте мұқият және сауатты жазылуы тиіс, қандай да жеткіліксіз сауатсыздық мұра ашылар кезде

⁶Совместное завещание супругов в Германии. <https://pravo.studio/pravo-rossii-nasledstvennoe/sovместnoe-zaveschanie-suprugov-89191.html>

⁷http://komitet2-10.km.duma.gov.ru/Novosti_Komiteta/item/16547485 Принят закон о наследственных договорах и совместных завещаниях супругов

оның жарамсыздығына әкеп соғуы мүмкін;

- ерлі-зайыптылар некені бұзған жағдайда, сонымен қатар егер мұрагер қайтыс болған жағдайда немесе лайықсыз мұрагер деп танылса, ал ол мұрагерден басқа мұрагер тағайындалмаса өсиет күшін жояды;
- бірлесіп жазылған өсиет, жаңадан бірлесіп жазылған өсиеттің салдарынан күшін жойюуы мүмкін;
- егер артында қалған зайыбы бірлесіп жазған өсиет бойынша өзіне қалдырылған мұрадан бас тартса, бірлесіп жазған өсиет заңдық күшін жояды және қайтыс болған жұбайының мүлкіне заң бойынша мұрагерлік ашылады;
- бірлесіп жазған өсиет оның жасалған жері, күні және уақыты көрсетіле отырып, жазбаша нысанда жасалып, нотариатта куәландырылуға тиіс.;

Өсиет біржақты құжат жүзінде жасалады және оған ерлі-зайыптылардың қолы қойылады да, оларға бірлесіп жазған өсиет туралы куәлік беріледі.

Өсиет бірлесіп жазылғандықтан, ерлі-зайыптылар нотариусқа екеуі де келуге тиіс. Егер өсиетті тек жұбайының біреуі ғана жазса, екінші жұбайы құжатқа қол қоймай тұрып өсиет дауыстап оқылады, содан соң барып қол қойылады. Ерлі-зайыптылардың куәларды қатыстыруға құқықтары бар. Егер де ерлі-зайыптылардың келісімі болған жағдайда барлығын нотариус видео жазбаға түсіреді. Сонымен қатар, Ресей Федерациясының заңнамаларында қарастырылғандай егер ерлі-зайыптылардың біреуіне байланысты төтенше жағдайлар орын алатын болса, жұбайы бір жақты, зайыбының атынан бірлесіп жазған өсиет қалдыра алмайды.

Зерттеудің тұжырымдамасы және болашақта даму перспективасы. Сонымен, шет ел мемлекеттеріндегі ерлі-зайыптылардың бірлесіп жазатын өсиет институтына сараптама жасай отырып, оның жалпы түсінігін,

мазмұнын, құрылу нысаның әдеттегі өсиет қалдырудан айырмашығы мен ерекшеліктерін анықтадық. Менің ойымша, бұл норма еліміздің мұрагерлік құқығы бойынша өсиет қалдыру нормаларынан әлдеқайда кең ауқымды мүмкіндіктерді қамтиды. Ерлі-зайыптылардың бірлесіп жазатын өсиетінде бірлесіп, яғни заңды некеде тұратын ері мен зайыбы ақылдаса отырып, ерікті түрде, қайтыс болған жағдайда өздеріне тиесілі мүліктеріне билік етуге мұрагерлерді тағайындайды. Ал еліміздің заңнамаларында мұра қалдырушының қайтыс болғаннан кейін басқа тұлғаға меншік құқығын қалдыру туралы жеке еркі ғана қарастырылған, ерлі-зайыптылар әрқайсысы жеке-жеке өздерінің жеке мүліктеріне қатысты мұрагерлер тағайындай алады, алайда бұл бірлесіп жазатын өсиеттегі сияқты мүмкіндіктеді қамтымайды. Мысалы, келесідей жағдайды елестетейік: ерлі-зайыптылардың ортақ балалары жоқ, есесіне олардың алдыңғы некеден балалары бар және ерлі-зайыптылар олардың біреуі қайтыс болған жағдайында өздеріне тиесілі мүліктеріне билік етуге бір-бірін тануды, артында қалған зайыбы қайтыс болған соң мүліктері балаларына тең негізде бөлінгені қалайды. Бірақ үстінде аталып кеткендей еліміздің заңнамаларында ондай норма қарастырылмаған. Егер бұл жағдайда, ері қайтыс болған соң өзіне тиесілі мүлкіне билік етуге зайыбын таныса - зайыбы сәкесінше ерін таныды делік, бірақ жазылатын өсиет жеке екі бөлек құжат болғандықтан, әртүрлі жағдайлар орын алуы мүмкін. Мысалы: ері-немесе зайыбының біреуі қайтыс болған жағдайда, артында қалған жұбайы өсиетті өзгертіп, барлық мүлкіне тек өзінің балаларын мұрагер ретінде тануы мүмкін. Ал ерлі-зайыптылардың бірлесіп жазатын өсиеті біржақты құжат болып табылады, сол себепті қайтыс болған жұбайының құқықтары бұзылмауы қадағалады, яғни ерлі-зайыптылардың біреуі қайтыс болған жағдайда, бірлесіп жазған өсиетті артында қалған жұбайы өз пайдасына орай өзгерте алмайды. Бірлесіп жазған

өсиет арқылы ерлі-зайыптылар бір мезетте өздерінің қайтыс болған жағдайында мүліктерін балаларына тең негізде бөледі және осындай жағдайда артында қалған жұбайының өмір соңына дейін алансыз өмір сүруне келеңсіз жағдайлар туындауы мүмкін, ондай жағдайдың шешімі ретінде мысалы, артында қалған жұбайы мұра бойынша пәтер немесе балаларынына оған мезгілімен белгілі бір ақша сомасын төлеп тұруды қарастырулары мүмкін. Осылайша ерлі-зайыптылар бірлесіп жазған өсиет арқылы мұрагерлердің арасында қандай да келіспеушіліктер туындаудың алдын алады.

Сондай-ақ ерлі-зайыптылардың бірлесіп жазатын өсиет институтының ерекшелігі - ерлі-зайыптылар ортақ меншікке өздерінің жеке меншігіндегі мүліктерін қосуға құқылы, бұл мұрагерлердің әрқайсысына өсиет қалдырушылардың қалауымен мұралық массалық үлестерін бөлуге ыңғайын тудырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Конституциясы. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
2. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі (ерекше бөлім). URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_
3. Нотариат туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі N 155 Заңы. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000155_
4. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексі // [http://adilet.zan.kz/kaz/docs K1100000518](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518)
5. Гюнтер В. В. Совместное завещание супругов в Российской Федерации // Молодой ученый. — 2016. — №11. — С. 1269-1271. URL:

<https://moluch.ru/archive/115/30512/>

6. Петров Е.Ю. Наследственное право России: состояние и перспективы развития (сравнительно-правовое исследование) / Е.Ю. Петров – М.: М-Логос, 2017. – 152 с.
7. Допустимость совместной формы завещания в Российском Гражданском праве. URL: http://www.nbpublish.com/library_get_pdf.php?id=24892
8. Совместное завещание супругов в Германии. URL: <https://pravo.studio/pravo-rossii-nasledstvennoe/sovместное-zaveschanie-suprugov-89191.html>
9. Подписан закон о совместных завещаниях супругов. Зачем он вам? URL: <https://journal.tinkoff.ru/news/sovместное-zaveschanie/>
10. Совместное завещание супругов. URL: <https://naslednikam.info/zaveshhanie/sovместное-zaveshhanie-suprugov.html>
11. Принят закон о наследственных договорах и совместных завещаниях супругов. URL: http://komitet2-km.duma.gov.ru/Novosti_Komiteta/item/16547485